

**Протез-ортопедия кәсіпорындары ассоциациясы және мемлекеттік қазыналық тәжірибе-эксперименттік протез-ортопедия кәсіпорындарын қайта құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1367

Республиканың протез-ортопедия кәсіпорындарының мүгедектерді протез-ортопедиялық көмекпен неғұрлым тиімді қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <\*>

Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.09.05. N 1146 қаулысымен. P011146\_

2. Республикалық мемлекеттік қазыналық: "Алматы тәжірибе-эксперименттік протез-ортопедия орталығы" кәсіпорны, Петропавл және Семей тәжірибе-эксперименттік протез-ортопедия кәсіпорындары тиісінше Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің республикалық мемлекеттік: "Алматы тәжірибе-эксперименттік протез-ортопедия орталығы" кәсіпорны, Петропавл және Семей тәжірибе-эксперименттік протез-ортопедия кәсіпорындары (шаруашылық жүргізу құқығындағы) болып қайта құрылсын (бұдан әрі - кәсіпорындар).

3. Мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган болып, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгіленсін.

4. Кәсіпорындардың негізгі міндеттері жаңа әзірлемелер мен технологияларды енгізу, мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарын, протез-ортопедия бұйымдары мен аяқкиімді жасап шығару мен сату болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір ай мерзім ішінде кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін, олардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулыға сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне өзгеріс енгізу туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен кәсіпорындарды мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК